**"Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 508 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 102 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 18012 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12636 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) ветеринария саласындағы:

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ірі қара малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ұсақ малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес құстарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес шошқаларды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын ( 1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес балық және балық өнімдерін дайындауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес етті және жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға;

осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне;

осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес зообақтарға, зоодүкендерге және цирктерге;

осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысы тексеру парақтары бекітілсін.";

1 және 2-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Премьер-Министрінің орынбасары –*
*Қазақстан Республикасы*
*Ауыл шаруашылығы министрі* — *Ө. Шөкеев*

*Қазақстан Республикасының*
*Ұлттық экономика министрі* — *Т. Сүлейменов*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

# Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидалары және тексеру парақтарына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

3. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді пайдаланатын, оның ішінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты , ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндірумен,

дайындаумен (союмен), сақтаумен, пайдаланумен, өңдеумен және өткізумен байланысты қызметті жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар;

2) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген, жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты орналастыруға, орнын ауыстыруға, жасақтауға қойылатын талаптарды бұзу, сондай-ақ өрескел және елеулі бұзушылықтарға жатқызылмаған бұзушылықтар;

3) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын өнім – тағамға тиісті өңдеусіз пайдаланылмайтын жануарлардан алынатын өнім мен шикізат, сондай-ақ жемшөп және жемшөп қоспалары;

4) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген, жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда үй-жайлардың болуына; мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін түсіруге (қабылдауға), өндіруге (дайындауға), сақтауға, өткізуге , кәдеге жаратуға, жоюға; ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге; ветеринария саласындағы функцияның орындалуына; ветеринариялық есепке алу мен есептіліктің, ветеринариялық құжаттарды есепке алудың мерзімдерін бұзуға және берудің толықтығына қойылатын талаптардың бұзылуы;

5) тәуекел – жануарлардың және адамдардың денсаулығына зиян келтіруге қабілетті және биологиялық және экономикалық тұрғыдан ауқымды зардаптарға әкеліп соқтыратын жануарлардың аса қауіпті инфекциялық немесе инвазиялық ауруларының, сондай-ақ жануарларды қанағаттандырарлықсыз жағдайда күтіп-бағумен және азықтандырумен байланысты аурулардың пайда болу ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер

ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштер жиынтығы;

9) өрескел бұзушылық – 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу, жануарлар мен адамдардың улануына алып келетін ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау, сондай-ақ материалдық-техникалық жарақтандыруға, сынамаларды іріктеуге қойылатын талаптарды сақтамау, ветеринариялық есепке алуды және есептілікті жүргізбеу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізбеу, шағымдар мен арыздардың болуы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринария саласындағы талаптарын бұзу.

## 2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері (жоғары және жоғарыға жатқызылмаған) бойынша бөлу мақсатында әзірленді.

5. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне мынадай:

1) ірі қара малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

2) ұсақ малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

3) құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

4) шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

6) балық және балық өнімдерін дайындау мен өңдеуді жүзеге асыратын;

7) ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалар;

8) етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын;

9) жануарларды союды жүзеге асыратын;

10) жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

11) жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;

12) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың , облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері;

13) сүтті өңдеуді жүзеге асыратын;

14) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

15) бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер жатады.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандарға мынадай:

1) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын;

2) жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

3) ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын;

4) жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

5) зообақтар, цирктер, зоодүкендер;

6) дезинфекция, дезинсекция, дератизация және дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер жатады.

7. Жоғары тәуекел дәрежесіне жататын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

## 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

8. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорлар қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі, оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті

жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмышы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

3) бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы);

4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың расталған шағымдар мен арыздардың болуы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау;

7) мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

10. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздері негізінде:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшағы сәйкес ірі қара малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшағы сәйкес ұсақ малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшағы сәйкес құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшағы сәйкес шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшағы сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшағы сәйкес балық және балық өнімдерін дайындау мен өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 7-қосымшағы сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларға;

осы Өлшемшарттарға 8-қосымшағы сәйкес етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 9-қосымшағы сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 10-қосымшағы сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 11-қосымшағы сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 12-қосымшағы сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерге;

осы Өлшемшарттарға 13-қосымшағы сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 14-қосымшағы сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 15-қосымшағы сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттары айқындалады, солар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

11. Бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі дәрежелі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффиценті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$SP_з = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7$

мұнда:

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$ – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$SP_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы дәрежелі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффиценті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$SP_н = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$

мұнда:

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$ – болмашы талаптардың жалпы саны;

$SP_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және қосу жолымен мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтарды көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$SP = SP_з + SP_н$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі:

1) 61-ден 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді;

13. Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өтіп кеткен деректер қолданылмайды.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша анықталады.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен, тәуекел дәрежесіне жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жарты жылдық тізімінің негізінде жүргізіледі.

16. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары көрсеткішімен бақылау және қадағалау субъектісінің басымдылығын ескере отырып, жасалады.

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

# Ірі қара малдарын өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы ( ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі) | Өрескел |
| 2. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы | Елеулі |
| 3. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 4. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | Өрескел |
| 5. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | Өрескел |
| 6. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | Өрескел |
| 7. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | Елеулі |
| 8. | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді:<br>1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өндеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң | Елеулі |
| 10. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяқкиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | Елеулі |
| 11. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс | Елеулі |
| 12. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | Елеулі |
| 13. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | Елеулі |
| 14. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | Елеулі |
| 15. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | Болмашы |
| 16. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтің, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | Болмашы |
| 17. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | Болмашы |
| 18. | Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы | Болмашы |
| 19. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | Болмашы |
| 20. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | Өрескел |
| 21. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | Өрескел |
| 22. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 23. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | Өрескел |
| 24. | Келіп түсу және бір жастық топтан екінші топқа әрбір технологиялық ауыстыру кезінде мал басын диспансеризациялау жүйесін жүргізу | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 25. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 26. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 27. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 28. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық аурулармен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 29. | Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 30. | Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

# Ұсақ малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы (ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі) | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы | Елеулі |
| 3. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 4. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | Өрескел |
| 5. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | Өрескел |
| 6. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | Өрескел |
| 7. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | Елеулі |
| 8. | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді:<br>1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | Елеулі |
| 9. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң | Елеулі |
| 10. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяққимді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | Елеулі |
| 11. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс | Елеулі |
| 12. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | Елеулі |
| 13. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | Елеулі |
| 14. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 15. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | Болмашы |
| 16. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтің, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | Болмашы |
| 17. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | Болмашы |
| 18. | Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы | Болмашы |
| 19. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | Болмашы |
| 20. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | Өрескел |
| 21. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | Өрескел |
| 22. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 23. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | Өрескел |
| 24. | Мал басының 0,5 %-ы есебімен өндіріс объектісінде ауру жануарларды уақытша күтіп-бағуға арналған бөлек секцияның болуы | Елеулі |
| 25. | Жарып-сою бөлмесінде жануарлар өлекселерін, түсіктерді және шуды жинауға арналған су өтпейтін сыйымдылықтардың болуы | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 26. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 27. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 28. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 29. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық аурулармен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 30. | Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 31. | Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

# Құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбауы | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | Өрескел |
| 4. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | Өрескел |
| 5. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | Елеулі |
| 6. | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді:<br>1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | |
| 7. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | Елеулі |
| 8. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | Болмашы |
| 9. | Инкубациялық жұмыртқаның әр партиясына арналған, құстардың жұқпалы аурулары бойынша шаруашылықтың саламаттылығын растайтын ветеринариялық сертификат немесе анықтаманың болуы | Өрескел |
| 10. | Ветеринариялық зертхананы, сою пунктін және дезинфекциялық блокты әкімшілік-шаруашылық аймақта ("В аймағы") орналастыру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 11. | Балапанды өсіру кезінде оның ересек құспен (құстардың барлық түрлерінің) қатынас жасауын болдырмау | Елеулі |
| 12. | Жұмыртқаларды пароформалинмен дезинфекциялауға арналған камерада есептік ауа температурасы + 30 0С градусты құрайды | Елеулі |
| 13. | Құс қоралардың ішіндегі аралық қабырғалар мен қоршаулардың жоғарғы жағына құруға арналған және серуендету орындарындағы торлардың мынадай көлемдерден аспайтын ұяшықтары болуы тиіс:<br>күнтізбелік 60-70 күнге дейінгі жастағы тауық балапандары және күнтізбелік 120 күнге дейінгі жастағы күркетауық балапандары үшін - 30 х 30 миллиметр (бұдан әрі – мм);<br>ересек тауықтар мен күркетауықтар үшін, сондай-ақ күнтізбелік 60-70 күннен асқан тауық балапандары және күнтізбелік 120 күннен асқан күркетауық балапандары үшін - 50 х 50 мм | Елеулі |
| 14. | Қоймалық үй-жайларды (жемшөптерге арналған, төсемдер, жұмыртқа қоймасы), жұмыртқаларды сұрыптайтын және өңдейтін цехтарды (ыдыстарды дезинфекциялау пунктімен бірге) өндірістік аймақ қоршауының сызығы бойынша орналастыру | Болмашы |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 15. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 16. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 17. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 18. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық аурулармен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 19. | Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 20. | Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

# Шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы ( ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі) | Өрескел |
| 2. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы | Елеулі |
| 3. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 4. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | Өрескел |
| 5. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | Өрескел |
| 6. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | Өрескел |
| 7. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | Елеулі |
| | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді:<br>1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар | |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | қаша, жануарларды ветеринариялық өндеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | Елеулі |
| 9. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң | Елеулі |
| 10. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяқкиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | Елеулі |
| 11. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | Елеулі |
| 12. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | Елеулі |
| 13. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | Елеулі |
| 14. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | Болмашы |
| 15. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтің, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | Болмашы |
| 16. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | Болмашы |
| 17. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | Болмашы |
| 18. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | Өрескел |
| 19. | Бордақыланатын шошқаларға тамақ қалдықтарын азық ретінде пайдаланар алдында зарарсыздандыру үшін арнайы қазандардың болуы | Өрескел |
| 20. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 21. | Бастапқы қалыптастырылған әрбір торайлар тобының құрамын кейінгі өндіріс сатылары – шошқа басын толықтыратын төлді бағып өсіруде, өсіруде және бордақылауда жеке өндірістік бірлік ретінде сақтап қалу | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 22. | Репродукция цехында аналық шошқа торайлаған кезде шуын немесе өлі туған төлді жинау үшін ылғал өткізбейтін сыйымдылықтардың болуы | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 23. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 24. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 25. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 26. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық аурулармен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 27. | Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 28. | Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
5-қосымша

# Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру (1000 шартты бастан баста аз) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы ( ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі) | Өрескел |
| 2. | Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы | Елеулі |
| 3. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 4. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және оларға ветеринариялық паспорттарды ресімдеу және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | Өрескел |
| 5. | Кейіннен сатуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын тек етті қайта өңдеу кәсіпорындарында, сою пункттерінде немесе алаңдарында сою жөніндегі талапты сақтау | Өрескел |
| 6. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 7. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | Өрескел |
| 8. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | Өрескел |
| 9. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр қашықтықта орналастыру | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 10. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, талаптарды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып аурыруы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 11. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 12. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 13. | Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық аурулармен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 14. | Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 15. | Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
6-қосымша

# Балық және балық өнімдерін дайындауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбауы | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Технологиялық процестердің ағымдылығын қамтамасыз ету және шикізат пен қалдықтар ағындарының дайын өнім ағындарымен жанасу мүмкіндігін болдырмау | Өрескел |
| 4. | Балық және балық өнімдерін өңдеуді жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | Өрескел |
| 5. | Балықтың кәсіпшілік ауданына тиесілілігі туралы ақпарат бар таңбамен жарақталуы | Елеулі |
| 6. | Өңдеу кәсіпорындарына түскен балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігін және қадағалануын растайтын ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 7. | Микробиологиялық, паразитологиялық химиялық, уытты элементтерге, пестицидтерге және радионуклидтерге сараптама жасау актісінің (сынақ хаттамаларының) болуы | Өрескел |
| 8. | Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерде ет және субөнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 3-вет нысан) | Өрескел |
| 9. | Тұрақты санитариялық өңдеу және дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу кестесінің болуы | Елеулі |
| 10. | Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізгендігі туралы актінің болуы | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Шикізатты, дайын өнімді, буып-түю және қосалқы материалдарды бөлек сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтары бар, оңай жуылатын және дезинфекцияланатын материалдардан жасалған, еденнен биіктігі кемінде 15 сантиметр (бұдан әрі – см) болатын сөрелермен, стеллаждармен, тауар астына қойылатын ыдыстармен және контейнерлермен, тоңазытқыш камералар – конденсатты жинау және ағызу жүйелерімен жабдықталған сақтауға арналған қоймалық үй-жайдың болуы | Өрескел |
| 12. | Объект үй-жайларының ішкі жақтарының жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімділігі | Елеулі |
| 13. | Балық және балық өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш қондырғыларда, үй-жайлар мен жабдықтарда температура көрсеткіштерін жазып алатын термометрлердің болуы | Елеулі |
| 14. | Штабельдердің қабырғалардан және тоңазыту аспаптарынан кемінде 30 см қашықтықта орналасуын сақтау | Болмашы |
| 15. | Әрбір өнім түрі үшін арнайы бөлінген орындардағы тиісті бөлімдерде сақталатын, таңбасы бар бөлуге арналған тақтайшалар мен пышақтардың болуы | Елеулі |
| 16. | Алмалы-салмалы жуылатын москитті торлары бар ашылатын терезелердің болуы | Елеулі |
| 17. | Қалдықтарды жинауға және кәдеге жаратуға арналған арнайы жабдықталған орынның болуы | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 18. | Балық және балық өнімдерінде зиянды және рұқсат етілмеген заттар, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан адамдар мен жануарлардың ауыруы, улануы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| 19. | Жануарлар және адамдардың улануына алып келетін бұзылған балық және балық өнімдерін өткізгендігі туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 20. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 21. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 22. | Инфекциялық және паразиттік балық ауруларының даму және таралу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 23. | Балық өнімдерінде зиянды және рұқсат етілмеген заттардың болуы туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 24. | Балық және балық өнімдерін өңдеу және дайындау кезінде сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау

өлшемшарттарына
7-қосымша

# Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін ұсынылатын есептер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбауы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 2. | Зертханалардың объектінің қуатына байланысты мынадай үй-жайлар жинағымен жарақталуы жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) ет және ет өнімдерін, жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін сараптауға арналған (бөлек жұмыс үстелдерімен);<br>2) балық және балық өнімдерін сараптауға арналған;<br>3) сүт және сүт өнімдерін, балды, өсімдік шикізатын сараптауға арналған (бөлек жұмыс үстелдерімен);<br>4) мүкәммалды жууға арналған;<br>5) конфискатты сақтау үшін тоңазытқыш жабдықтарымен, ет және ет өнімдерін залалсыздандыруға арналған;<br>6) дезинфекциялау және жуу құралдарын, мүкәммалды сақтауға арналған;<br>7) персоналға арналған санитариялық және тұрмыстық үй-жайлар | Өрескел |
| 3. | Ветеринариялық есепке алудың (келіп түсетін өнімді, сараптама нәтижелерін, конфискаттарды, реактивтерді есепке алу) болуы | Өрескел |
| 4. | Ет ұшаларын, ет өнімдерін және басқа өнімдерді уақытша сақтау үшін оқшауланған тоңазытқыш камерасының, сондай-ақ ет, ет өнімдерін және конфискаттарды залалсыздандыруға арналған автоклавтың болуы (автоклав болмаған жағдайда, зарарсыздандыруды қазандықта жүргізуге рұқсат етіледі) | Өрескел |
| 5. | Сойылған жануарлардың ұшаларын, ет өнімдерін, балықты, құсты сараптауға арналған жұмыс үстелдері мәрмәр түйіршіктерімен, кафельмен немесе мырышталған темірмен қапталуға тиіс | Елеулі |
| 6. | Ет ұшаларын, ішкі органдарды, басты ілуге арналған арнайы бөлек айлабұйымдармен ( қондырғылармен) (ілгіш, ілгек және басқалары) немесе ет және ет өнімдеріне сараптама жүргізу үшін үстелдермен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау | Елеулі |
| 7. | Сүт және сүт өнімдеріне зерттеу жүргізілетін үстелдер мырышталған темірмен немесе тағамдық пластиктермен қапталады | Елеулі |
| 8. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуге арналған зертхананың қажетті арнайы зертханалық жабдық түрлерімен, аспаптармен, құралдармен, химиялық реактивтермен, жуу | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | және дезинфекциялау құралдарымен, ветеринариялық таңбалармен және мөртаңбалармен, арнайы киіммен, зертханалық ыдыспен, зертханалық жиһазбен, мүкәммалмен және басқа да көмекші материалдармен қамтамасыз етілуі | |
| 9. | Пайдаланылатын химиялық реактивтердің жарамдылық мерзімі мен шығарылған күні көрсетілген таңбаның болуы | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 10. | Бақылау және қадағалау субъектісі жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты зерттеудің қауіпсіздігі бойынша ветеринариялық-санитариялық сараптама беру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидадарды сақтамау салдарынан адамдардың ауруына, жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруларының таралуына алып келетін расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 11. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактісі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 12. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 13. | Етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сараптау кезінде жануарлардың инфекциялық, паразиттік ауруларының дамуы мен таралу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 14. | Адамдар мен жануарлардың улануына алып келетін химиялық реактивтерді, дезинфекциялық құралдарды қауіпсіз сақтау талаптарын бұзу туралы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 15. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу кезінде ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтамау туралы расталған ақпараттардың болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
8-қосымша

# Етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбауы | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Өндірістік үй-жайларда технологиялық жабдықтарды орналастырған кезде айқаспалы контаминацияны болдырмау жөніндегі талапты сақтау | Өрескел |
| 4. | Етті өңдеу объектілерінде ветеринариялық-санитариялық мақсаттағы мынадай жабдықтардың болуы:<br>1) өңдеу үшін етті және ет өнімдерін, жануарлардан алынатын шикізатты жеткізетін автокөлікті жууға және дезинфекциялауға арналған стационарлық дезинфекциялық жуу пункті немесе алаңы немесе дезинфекциялаушы тосқауыл;<br>2) жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты бақылауға және ветеринариялық-санитариялық сараптауға арналған жабдығы бар, ветеринария саласындағы мамандарға арналған үй-жайлар;<br>3) етті және сойылған өнімдерді олар өңделгенге дейін уақытша сақтауға арналған оқшауланған тоңазытқыш камерасы;<br>4) сарқынды суды залалсыздандыруға арналған құрылысжайлар | Өрескел |
| 5. | Мыналарды қамтамасыз ететін технологиялық процеске қойылатын талаптарды сақтау:<br>1) шикі және дайын өнімдер ағынының қиылысуы мен жанасуын болдырмау;<br>2) өңдеуге келіп түсетін шикізат пен қосалқы материалдардың ветеринария және денсаулық сақтау саласындағы талаптарға сәйкестігін бақылау;<br>3) ілініп тұрған ет ұшаларының еденге, қабырғаға және технологиялық жабдықтарға тиюін болдырмау;<br>4) қан ағызу, ұшаларды тазарту және жуу учаскелерінде сұйықтықты арнайы еңіс астаушалар арқылы траптарға ағызу;<br>5) тамақ шикізатының (тоңмай шикізаты, ішек-қарын, тағамдық қан, субөнімдер) берілуін бір-бірінен бөлу, оларды санитариялық өңдеу үшін қолжетімді ету;<br>6) тағамдық емес қалдықтарды ерекше түске боялған және мақсаты туралы жазбасы ( таңбасы) бар арнайы ыдысқа жинау;<br>7) ветеринариялық конфискаттарды (ветеринариялық-санитариялық сараптама кезінде жарамсыз деп табылған ұшалар мен органдар) бөлек жабдықталған ағызғыштарға немесе ерекше түске боялған, жылжымалы, жабылатын арнайы ыдыстарға жинау;<br>8) сойылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларына күдік туындаған немесе олар анықталған жағдайда "Тоқта" деген түймешенің көмегімен конвейерді ветеринария саласындағы мамандардың жұмыс орнынан шұғыл тоқтату (технологиялық процесс толық автоматтандырылған жағдайда);<br>9) ұшалар, субөнімдер және басқа да сойылған өнімдер санитариялық өңделгеннен, ветеринариялық-санитариялық сараптама жасалғаннан және таңбаланғаннан кейін ғана оларды тоңазытқышқа жіберу;<br>10) жұмыс орындарына суық және ыстық су жүргізу, ал ішекті сұрыптау (үру) үшін сығылған ауа беру | Елеулі |
| 6. | Шикізат пен өнімді сақтауға арналған штабельдерді қабырғалар мен тоңазыту аспаптарынан кемінде 30 сантиметр қашықтықта орналастыру және штабельдердің арасында өтетін жолдардың болуы | Болмашы |
| 7. | Жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды , өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерде ет және субөнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 3-вет нысан) | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 8. | Бақылау және қадағалау субъектісі етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеу кезінде жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруларының таралуына, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан адамдар мен жануарлардың ауруына немесе улануына алып келген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды бұзудың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 9. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактісі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 10. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 11. | Етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеу кезінде жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруларының дамуы мен таралу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 12. | Бақылау және қадағалау субъектісі адамдар мен жануарлардың улануына алып келетін химиялық реактивтерді, дезинфекциялық құралдарды қауіпсіз сақтау талаптарын бұзу фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 13. | Етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеу кезінде ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| 14. | Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан адамдардың ауруына, жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруының таралуына алып келетін, жануарлар мен құстардың жұқпалы аурулары бойынша саламатсыз аумақтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден әкелінген жануарларды және құстарды союға қабылдау бойынша талаптардың сақталмауы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| 15. | Бірдейлендіру рәсімінен өтпеген және ветеринариялық ілеспе құжатсыз жануарларды сою фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
9-қосымша

# Жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Журнал мен ветеринариялық есепке алуды жүргізудің болуы | Өрескел |
| 4. | Жануарлар мен құстардың жұқпалы аурулары бойынша саламатты, міндетті бірдейлендіру рәсімінен өткен және ветеринариялық құжаттары (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) бар, аумақтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден союға әкелінген жануарлар мен құстарды союға қабылдау жөніндегі талапты сақтау | Өрескел |
| 5. | Бөгде адамдар мен қаңғыбас жануарлардың өндіріс объектілерінің аумағына бақылаусыз кіруін болдырмайтын тұтас қоршаудың болуы | Елеулі |
| 6. | Өндіріс объектілерінің аумағында мыналардың:<br>1) шикізатты, дайын өнім мен қалдықтарды тасу жолдарының;<br>2) ветеринариялық қарап-тексеруден кейін сою алдындағы ұстауға жіберілетін сау жануарларды тасу жолдарының санитариялық блокқа жіберілген ауру немесе ауру бойынша күдікті жануарлардың орын ауыстыруы;<br>3) дайын азық-түлік өнімдерін жануарлармен, көңмен, өндіріс қалдықтарымен қиылыспай тасымалдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылысжайлар мен құрылғыларды орналастыру | Елеулі |
| 7. | Объектінің аумағына кіреберісте (шығаберісте) көліктің жүрісі бөлігін залалсыздандыруға арналған дезинфекциялаушы тосқауылдың болуы | Елеулі |
| 8. | Жануарларды союды жүзеге асыратын өндіріс объектілері (сою алаңдарынан басқа) мыналармен тиісінше жарақталуы:<br>1) ветеринария саласындағы мамандар үшін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты бақылауға және ветеринариялық-санитариялық сараптауға арналған жабдықтары бар үй-жайлармен;<br>2) жануарларды орналастыруға арналған орынмен, жануарларды ветеринариялық қарап-тексеруге арналған өткелектермен;<br>3) санитариялық қасапханамен (кәдімгі өндірістік цехтардағыдай, бірақ мөлшері едәуір шағын, ет пен субөнімдерді стерильдеуге арналған бөлімшесі бар үй-жаймен) немесе ауру немесе әлсіз жануарларды оқшаулап өңдеуге арналған санитариялық камерамен (ғимарат ішінде орналасқан бөлек үй-жаймен);<br>4) карантинге арналған үй-жайлармен (байқау және қажет болған жағдайда диагностикалық зерттеу мақсатында жануарлар басқа жануарлармен араластырылмай (тікелей немесе жанама) оқшау ұсталатын орындарымен) және оқшаулағышпен (ауру жануарларды орналастыру үшін мал сою объектісінің аумағында оқшауланған үй-жаймен);<br>5) ет пен сойылған өнімдер өңделгенге дейін оларды уақытша сақтауға арналған оқшауланған тоңазытқыш камерамен;<br>6) сарқынды суды жинауға арналған бетондалған шұңқырмен (септикпен) және залалсыздандыруға арналған құрылысжайлармен;<br>7) жануарларды союдың алдында ұстауға арналған ғимараттармен (қалқалармен) ( сойылатын жануарларды қабылдау, орналастыру, ветеринариялық қарап-тексеру, сұрыптау және тынықтыру үшін жануарларды сою объектісінің аумағында оңашаланған үй-жаймен ( | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | аланмен)); <br>8) тұрмыстық үй-жайлармен және киімді санитариялық өңдеуге арналған дезинфекциялау камерасымен; <br>10) жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерімен немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасымен | |
| 9. | Карантиндік үй-жай мен оқшаулағыштан қи, төсем мен жемшөп қалдықтарын жинау және жиып қою үшін санитариялық блоктың аумағында орналасқан, жануарларды сою объектісінің өндірістік қуаты ескеріле отырып, кемінде алты тәулікке есептелген бетондалған учаскенің болуы | Елеулі |
| 10. | Қан-жынды жинау үшін бетондалған алаңқайға орналастырылатын, қақпағы тығыз жабылатын арнайы сыйымдылықтардың (контейнердің) болуы | Елеулі |
| 11. | Еттің ластануын болдырмау үшін технологиялық операциялардың кеңістікте және уақыт жағынан бөлінуі: <br>1) естен тандыру және қанын ағызу; <br>2) шошқаға қатысты: қайнаған сумен күйдіру, қылшықтан тазарту, қыру және үйіту; <br>3) ішегін ақтару (сойылған жануардың ұшасын мүшелеген кезде іш және көкірек қуыстарынан ішкі органдарды шығару) және кейіннен мүшелеу; <br>4) тазартылған қарын мен ішектерді өңдеу; <br>5) союдың басқа жанама өнімдерін өңдеу және жуу, атап айтқанда, сою желісінде жүргізілмеген болса, бастың терісін сыпыру; <br>6) союдың жанама өнімдерін буып-түю; <br>7) етті тиеп-жөнелту | Елеулі |
| 12. | Барлық өндірістік үй-жайларға кіреберісте толық гигиеналық өңдеу модульдерінің болуы | Елеулі |
| 13. | Жануарларды сою объектісінде ұсақ мүкәммалға (пышақ, мусаттар) арналған стерилизаторлардың болуы | Елеулі |
| 14. | Неғұрлым ірі мүкәммалды, айналым ыдыстары мен көлік құралдарын жуу және дезинфекциялау үшін жуу машиналарының немесе дезинфекциялаушы ерітінді, суық және ыстық су жүргізілген жуатын үй-жайдың болуы | Елеулі |
| 15. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізілетін жерлерде ветеринариялық конфискаттарды жинауға арналған, бөгде адамдардың рұқсатсыз қол жеткізуіне жол берілмейтін, басқа жабдықтан түсі өзгеше және мақсаты туралы жазуы бар контейнерлердің болуы | Елеулі |
| 16. | Жануарларды союды жүзеге асыратын өндіріс объектісі (сою алаңдары) мыналармен тиісінше жарақталуы: <br>1) жануарларды сою алдында ұстауды және қарап-тексеруді жүргізу мақсатында жануарларды орналастыруға арналған қаша (алаң), сондай-ақ жануарларды сою объектісінің өндірістік қуатын ескере отырып, экскременттерге арналған арнайы жабдықталған орын; <br>2) жануарларды сою объектісінің өндірістік қуатын ескере отырып: <br>оңай тазаланатын және дезинфекцияланатын, су ағызуды жеңілдететіндей түрде бейімделген, жабынның астынан су бұратын суағарлармен және арықтармен әрі сарқынды суды жинау және залалсыздандыру үшін бетондалған шұңқырмен (септикпен) жарақталған су өткізбейтін еден жабынымен; <br>тегіс, оңай жуылатын материалдармен қапталған немесе 3 метр (бұдан әрі – м) биіктікке дейін боялған, бұрыштары мен шығып тұрған жерлері дөңгелектелген қабырғамен; <br>желдетумен және жылытумен; <br>түсті бұрмаламайтын табиғи немесе жасанды жарықтандырумен; <br>қанын ағызуды, терісін сыпыруды, ішкі органдарды шығаруды және ұшалар мен ішкі органдарды сойылғаннан кейін қарап-тексеру жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында ұшаны іліп қоюға арналған, ұшалардың еденге, қабырғаға, технологиялық жабдыққа тиюін болғызбайтын айлабұйыммен; | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | пышақтарды (кемінде екі), ілгектерді, құралдарды (фонендоскоп, термометр, плесиметр, бюкс) залалсыздандыруға арналған стерилизаторы, қолды өңдеуге арналған дезинфекциялағыш құралдары бар кеспектері, арнайы киімі бар ветеринар дәрігерге арналған орынмен;<br>сарқынды суды жинау мен залалсыздандыруға арналған жабық шұңқырмен (септикпен);<br>асқазан мен ішектерді босатуға және тазартуға бейімделген орынмен;<br>ілмекті жолдардың астынан ұшалардың қанын ағызу учаскелерінде қан жинауға арналған тұғырлықтармен;<br>персоналға арналған қолжуғышпен, бір реттік қол орамалмен (қол жууға арналған дезерітінділермен);<br>тот баспайтын материалдардан жасалған, оңай тазартылатын және дезинфекцияланатын құралдармен және жұмыс жабдығымен, ветеринариялық конфискаттарға арналған контейнермен жасақталуы тиіс | |
| 17. | Ұшалардың қанын ағызу учаскелерінде ілгекті жолдардың астынан техникалық қанды жинау үшін оңай жуылатын және дезинфекцияланатын материалдармен қапталған және қанның траптарға ағуы үшін еңістенген тұғырлықтар немесе қанды ағызуға арналған астаушаның болуы | Болмашы |
| 18. | Жануарларды бауыздау мен терісін сыпыру аймақтарын мүшелеу және ішкі органдарды өңдеу аймағынан бөліп тұратын биіктігі кемінде 2 м қалқаның болуы | Болмашы |
| 19. | Шошқалардың ұшаларын қайнаған сумен күйдіру, қылшығын алу, тазарту және үйіту үшін сойылған жерден кемінде 5 м ашық кеңістікпен бөлінген немесе биіктігі кемінде 3 м қалқамен қоршалған арнайы орынның болуы | Болмашы |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 20. | Бақылау және қадағалау субъектісі жануарларды сою кезінде жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруларының таралуына сондай-ақ ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қағидаларды сақтамау салдарынан адамдар мен жануарлардың ауруына немесе улануына алып келетін бұзушылықтың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 21. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактісі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 22. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 23. | Жануарларды сою кезінде жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруларының дамуы мен таралу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 24. | Бірдейлендіру рәсімінен өтпеген және ветеринариялық ілеспе құжаттарысыз жануарларды сою фактілері туралы ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 25. | Адамдар мен жануарлардың улануына алып келетін химиялық реактивтерді, дезинфекциялық құралдарды қауіпсіз сақтау талаптарын бұзу фактілері туралы ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 26. | Жануарларды сою кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы ресми мәліметтердің болуы | Өрескел |
| 27. | Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан адамдардың ауруына, жануарлардың инфекциялық және паразиттік ауруының таралуына алып келетін, жануарлар мен құстардың жұқпалы аурулары бойынша саламатсыз аумақтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден әкелінген жануарларды және құстарды союға қабылдау бойынша талаптардың сақталмауы туралы расталған фактілердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
10-қосымша

# Жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ветеринариялық биопрепараттарды өндіруі туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама ) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | Өрескел |
| 4. | Тамақ қалдықтарын өңдеуге арналған оқшауланған үй-жайдың болуы | Елеулі |
| 5. | Өндірістік үй-жайларда қалдықтарды, сондай-ақ технологиялық процестерде пайдаланылмайтын мүкәммал мен жабдықты сақтауға жол бермеу жөніндегі талапты сақтау | Болмашы |
| 6. | Қоймалық үй-жайларда өңдеуші өндірістер қалдықтарын сақтау үшін жабық резервуарлардың немесе қоршалған ашық жинақтардың (алаңдардың) болуы | Болмашы |
| 7. | Құрамажем өндіру жөніндегі ұйымдарда сусымалы шикізатты (бидай, кебек, ұнтақ) сақтау үшін сүрлемдік (бункерлік) немесе едендік үлгідегі қоймалардың болуы | Болмашы |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 8. | Жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру (дайындау) үшін жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзотиялық ауруларының таралуына, сондай-ақ ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауыруына алып келетін жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша саламатсыз пункттерден (аумақтардан) алынған шикізатты пайдалану туралы ақпараттың болуы | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 9. | Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 10. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 11. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлардың инфекциялық, паразиттік ауруларының пайда болуына, жануарлардың кенеттен улануы мен жаппай қырылуына алып келетін жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіруде қауіпсіздікті бұзу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 12. | Өндірілетін жемшөп және жемшөп қоспаларының шыққан жері мен қауіпсіздігін растайтын тиісті құжаттарының жоқтығы туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 13. | Жануарлардан алынған тіндерден (қолдана отырып) жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру (дайындау) туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 14. | Жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру кезінде, сондай-ақ оларды тасмалдау кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
11-қосымша

# Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі, оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін ұсынылатын есептердің мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған биопрепараттардың болуы және оларды жұмсау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Жануарлардың аурулары туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтерге сәйкес келетін олардың жеке нөмірлерін көрсете отырып вакцинация, аллергиялық зерттеулер, өңдеу жүргізілген жануарлар актілерінің тізімдемелерінің болуы | Өрескел |
| | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтау: | |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | 1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу орнын және уақытын айқындайды;<br>2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;<br>3) жануарға жеке нөмір береді;<br>4) дерекқордың жүргізілуін жүзеге асырады (дерекқорға деректер енгізу);<br>5) жануар иесіне ветеринариялық паспорт береді | Өрескел |
| 5. | Биологиялық материалдардан сынамалар алу және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу жөніндегі талаптарды сақтау | Өрескел |
| 6. | Көшірмелері мен түбіртектері үш жыл сақталуға жататын, берілген ветеринариялық анықтамаларды есепке алудың болуы | Өрескел |
| 7. | Жануарлардың аса қауіпті және энзоотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санының болуы:<br>1) ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы;<br>2) инесіз инъектор;<br>3) термочемодандар;<br>4) жаппай екпе жасауға арналған аппарат (металдан жасалған);<br>5) кутиметр;<br>6) ұнтақ беру құрылғысы (дәрі-дәрмек үшін);<br>7) бұқаға арналған мұрын сақинасы;<br>8) қайшылар;<br>9) мақта (стерильді емес);<br>10) ветеринариялық термометр | Өрескел |
| 8. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыштың және тонңазытқышагенті бар термосыйымдылықтың (мөлшері 100х100х200 сантиметрден (бұдан әрі - см) көп емес), сондай-ақ металл шкафтың болуы | Өрескел |
| 9. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған және бүкіл сақтау мерзімі ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандандырылған қойма үй-жайларының болуы | Өрескел |
| 10. | Ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алудың болуы, үй-жайлардың температурасы мен ылғалдылығына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ үй-жайларды жинау және өңдеу | Өрескел |
| 11. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомостердің болуы | Елеулі |
| 12. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың қажетті ең аз тізбесімен қамтамасыз ету жөніндегі талапты сақтау:<br>1) суық және ыстық таңбалауды жүргізуге арналған аппарат;<br>2) сырғасалуды жүргізуге арналған аппарат;<br>3) өздігінен желімдейтін штрих-кодтарды басып шығаруға арналған принтер;<br>4) жануарлардың жеке нөмірлерін санауға арналған сканер;<br>5) аспаптарға, құралдарға және атрибуттарға арналған сөмке | Елеулі |
| 13. | Дезинфекциялау қондырғылары бар автомашиналардың (сыйымдылығы 500-600 литр) болуы | Елеулі |
| 14. | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға және жоюға арналған тұзақ құралдарының болуы және оларды аулау және жою талаптарының сақталуы | Елеулі |
| | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) мынадай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) биіктігі 2,5 м (бұдан әрі – м), ұзындығы 6 м, ені 3 м болатын қалқа;<br>2) жануарлардың өлекселерін союға, дезинфекциялаушы құралдарды, мүккәмалды, арнайы киімді және құрал-саймандарды сақтауға арналған үй-жайлар;<br>3) шұңқырдан шығарылған диаметрі 25 см және биіктігі 3 м мұржа; | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 15. | 4) биіктігі кемінде 2 м кіру қақпасы бар дуал;<br>5) дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша терeңдігі 0,8-1,4 м және ені 1,5 м траншея;<br>6) шұңқырдың екі қабатты жабыны;<br>7) көпір | |
| 16. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі:<br>1) ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журнал (ветесепке алу, № 1-вет нысан);<br>2) жануарлардың ауруларын тіркеуге арналған журнал (ветесепке алу, № 2-вет нысан) | Өрескел |
| 17. | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санымен қамтамасыз етілу (жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде) жөніндегі талапты сақтау:<br>1) ұрықтандырушы техниктің чемоданы (жинақталған);<br>2) микроскоп;<br>3) Дьюар ыдысы, 35 литр;<br>4) Дьюар ыдысы, 6 литр | Болмашы |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 18. | Бақылау және қадағалау субъектінің жануарлардың инфекциялық және паразитарлық ауруларының дамуына және таралуына, сондай-ақ жануарлардың қырылуына, адамдардың және жануарлардың ауруға шалдығуына немесе жұқтыруына алып ететін жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілерінің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 19. | Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 20. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау аясында берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 21. | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды бұзу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 22. | Бақылау және қадағалау субъектісінің құрылысы жергілікті атқарушы органдармен ұйымдастырылған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) ұстаудың бұзушылықтары туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 23. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық анықтамаларды беруді ресімдеу талаптарының бұзушылықтары туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 24. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлар мен адамдардың ауруға шалдығуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына алып келетін ветеринариялық препараттарды пайдалану және сақтау шарттарын сақтамаудың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 25. | Бақылау және қадағалау субъектісінің құрылысы жергілікті атқарушы органдармен ұйымдастырылған сою алаңдарын (ауыл шаруашалығы жануарларын сою алаңы) ұстаудың бұзушылықтары туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 26. | Жоспарлы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) профилактикалық іс-шараларды уақытында жүргізбеу туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
12-қосымша

# Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерде жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық сараптамасы туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Ішкі сауда объектілерінде (базарларда) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 3. | Мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған биопрепараттардың болуы есепке алу және оларды жұмсау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 4. | Заңды тұлғалардың ветеринариялық биологиялық препараттарды өндіруі туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 5. | Жануарлардың аурулары туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 6. | Ветеринариялық препараттарды қолдану және жемшөп пен жемшөп қоспаларын пайдалану туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 7. | Ветеринариялық–санитариялық объектілерді салу, лицензиялау, ветеринария саласында қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігерлердің саны және жануарларды бірдейлендіру мәселелері туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 8. | Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды (ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда) сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел |
| 9. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | Өрескел |
| 10. | Эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда, оларға зерттеп-қарау жүргізілгені туралы эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісінің болуы | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | Өрескел |
| 12. | Уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті, сондай-ақ энзоотиялық және басқа да ауруларына диагностика жүргізу үшін профилактика, биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу және оларды жеткізу жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалуы бойынша ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі нәтижелердің болуы | Өрескел |
| 13. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспорт жасау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 14. | Ішкі сауда объектілерінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 15. | Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларды сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 16. | Ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 17. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 18. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 19. | Тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 20. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | Елеулі |
| 21. | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды, оларды сақтау және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру бойынша талапты сақтау | Елеулі |
| 22. | Мерзімдерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау | Елеулі |
| 23. | Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының бекітілген тізбесінің болуы | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 24. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорын жүргізуді ұйымдастыру бойынша талапты сақтау | Елеулі |
| 25. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі | Елеулі |
| 26. | Көшірмелері және түбіртектері үш жыл сақталуға жататын берілген ветеринариялық-санитариялық қорытындылады есепке алудың болуы | Елеулі |
| 27. | Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмір беру тәртібін сақтау | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 28. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ветеринариялық іс-шараларды орындау және (немесе) жүргізу салдарынан жануарлардың инфекциялық, паразитарлық және энзоотиялық ауруларының таралуына, сондай-ақ ветеринариялық іс-шараларды орындау және (немесе) жүргізу салдарынан адамдардың және жануарлардың ауыруына немесе уланауына алып келетін оны ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу фактілері туралы ақпараттың болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 29. | Құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 30. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 31. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 32. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыруды жүргізбеуінің расталған фактілердің болуы | Өрескел |
| 33. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) және өңдеуді қамтамасыз етпеуі туралы бұзушылықтың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 34. | Бақылау және қадағалау субъектісінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыруды жүргізбеу бұзушылықтарының расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 35. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілікті айқындамау және процессингтік орталыққа ақпарат бермеу фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
13-қосымша

## Сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ішкі сауда объектілерінде (базарларда) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) болмауы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Жол құжатында сүт автоцистерналарын сүттен әрбір босатылғаннан кейін жуылғаны және дезинфекцияланғаны, кейіннен оларға пломба салынғаны туралы белгінің болуы | Өрескел |
| 4. | Сүт өңдеуді жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | Өрескел |
| 5. | Сүтке арналған ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 6. | Шлангілер мен түтікшелерді өңдеуге арналған жуу және дезинфекциялау ерітінділерін сақтау үшін таңбаланған арнайы сыйымдылықтардың болуы | Елеулі |
| 7. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасында сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 5-вет нысан) | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 8. | Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан адамдардың ауруына, жануарлардың инфекциялық ауруларының, паразиттік және (немесе) зооноздық инфекциялардың таралуына алып келетін, жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша саламатсыз аумақтар мен шаруашылық жүргізуші субьектілерден өңдеуге келіп түскен сүтті қабылдау талаптарын сақтамау туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 9. | Құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 10. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау аясында берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Адамдар мен жануарлардың жануарлар мен адамға ортақ аурулармен ауырғаны, сондай-ақ улануы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 12. | Сүтті өңдеу, сондай-ақ тасымалдау кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
14-қосымша

# Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ветеринариялық биопрепараттарды өндіру туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 2. | Ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:<br>1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды және жабдық жиынын иеленуге;<br>2) штатында ветеринария саласындағы тиісті мамандықтар бойынша жұмыскерлер ұстауға ( заңды тұлғалар);<br>3) ветеринария саласындағы тиісті мамандық бойынша білімі туралы дипломға ие болуға ( жеке тұлғалар) міндетті | Өрескел |
| | Жиып қою аймағында:<br>1) әртүрлі санаттағы материалдар мен өнімді (бастапқы шикізат және буып-түю материалдары; аралық, өлшеп оралмаған және дайын өнім; карантиндегі өнім; шығаруға рұқсат берілген, кейінге қалдырылған, кері қайтарылған немесе қайтарылып алынған өнім) тиісінше сақтауды қамтамасыз ету үшін сыйымдылық жеткілікті болуын көздейді;<br>2) жиып қою аймағын ұйымдастыру кезінде тиісінше сақтау жағдайларын көздеу қажет. Жиып қою аймақтары таза және құрғақ болуы керек, онда қажетті температуралық режим қамтамасыз етілуі тиіс. Қажет болған жағдайда, арнайы сақтау жағдайларын (температура, ауа ылғалдылығы) және оларды бақылауды қамтамасыз ету керек;<br>3) материалдар мен өнімді қабылдау мен беру аймақтарында олардың қолайсыз ауа райы жағдайларынан қорғалуы қамтамасыз етілуі тиіс;<br>4) егер, карантин режимі өнімді бөлек аймақтарда сақтаумен қамтамасыз етілетін болса, онда ол аймақтар нақты белгіленуі тиіс;<br>5) бастапқы материалдар сынамаларын іріктеуді бөлек аймақта орындайды. Сынамаларды | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | қойма аймағында іріктеу кезінде тікелей немесе қиылысқан ластанудың алдын алатын шаралар қабылдануы тиіс;<br>6) жарамсыз деп танылған, қайтарылып алынған немесе кері қайтарылған материалдарды сақтау үшін оқшауланған аймақтар көзделеді;<br>7) әсері қатты заттар мен препараттар қауіпсіз және күзетілетін үй-жайларда сақталуы тиіс;<br>8) ветеринариялық препараттың сәйкестігін растаудағы шешуші рөліне байланысты таңбаланған буып-түю материалдарының сенімді және қауіпсіз сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс;<br>9) жартылай фабрикаттарды, жекелеген ингредиенттерді анық көрінетін таңбасы – өнімнің атауы, жасалған күні, қоймаға келіп түскен күні бар, жауапты адамның қолы қойылған арнайы контейнерлерде сақтау керек. Дайын өнім контейнерлерде немесе стеллаждарда тиісті таңбасы бар тауарлық орамада сақталуы тиіс;<br>10) қоймалық үй-жайларда үй-жайдағы температура мен ылғалдылыққа тұрақты түрде бақылау, ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алу, сондай-ақ үй-жайларды жинау мен өңдеу жүргізіліп отыруы тиіс;<br>11) ветеринариялық препараттарды сақтау және тасымалдау ветеринариялық препараттарды қолдану (пайдалану) жөніндегі басшылықта көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі | Өрескел |
| 4. | Дезинфекциялық тосқауылсыз өндіруші аумағына көліктің кіруіне/шығуына жол бермеу жөніндегі талапты сақтау | Өрескел |
| 5. | Ветеринариялық препараттарды өндіруге арналған ғимараттарда техникалық мақсаттағы уды (пестицидтер мен гербицидтерді) өндіруге жол берілмеу | Өрескел |
| 6. | Ветеринариялық препараттарды өндіруге арналған жабдықтар мен үй-жайлар өз мақсатында ғана пайдаланылады, онда басқа өнімді дайындауға жол берілмейді | Елеулі |
| 7. | Пайдалану мерзімі өтіп кеткен немесе пайдалануға жарамсыз таңбаланған немесе бастапқы буып-түю материалдарын жою туралы хаттаманың болуы | Елеулі |
| 8. | Өндірістік бақылау бөлімшесінің дайын өнімнің нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келетіні туралы зерттеу нәтижелері алынғаннан кейін дайын өнімді қоймаға сақтауға жол беріледі | Елеулі |
| 9. | Ветеринариялық препараттарды оларды сақтау мерзімі өтіп кеткеннен кейін жою жөніндегі актілердің болуы | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 10. | Адамдардың және жануарлардың жаппай улануына немесе ауруға шалдығуына алып келетін жарамсыз ветеринариялық препараттарды жою, зарарсыздандыру және (немесе) өткізу тәртібін бұзудың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 11. | Адамдардың және жануарлардың жаппай улануына немесе ауруға шалдығуына алып келетін өндіріс туралы бұзушылықтың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 12. | Бақылау және қадағалау субъектісінің адамдардың және жануарлардың улануына немесе ауруға шалдығуынаалып келетін, өндіруші ұсынатын ветеринариялық препараттарды қауіпсіз қолдану, сақтау талаптарын бұзушылықтың расталған фактілерінің болуы | |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 13. | Құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 14. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау аясында берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 15. | Бақылау және қадағалау субъектісінің Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды іске асыру фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 16. | Бақылау және қадағалау субъектісінің препараттарды дайындау, қолдануға тағайындау қағидаларын бұзушылық фактілері туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 17. | Аккредиттеу субъектісінің сәйкестікті бағалау саласындағы белгілі бір жұмысты орындауға құзыреттілігін куәландыратын, аккредитеу жөніндегі орган беретін өндірістік бақылау бөлімшесінің акредиттеу аттестатының жоқтығы туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |

Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
15-қосымша

# Бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Бақылау және қадағалау субъектісі, оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін ұсынылатын есептердің мониторингісінің нәтижелері | | |
| 1. | Ветеринариялық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) жоқтығы туралы мәліметтердің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 2. | Бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | Өрескел |
| 3. | Өңірлендіруге сәйкес ауыл шаруашылығы және үй жануарларының аса қауіпті жұқпалы ауруларынан, сондай-ақ соңғы 3 айда шаруашылық аумағында америкалық шірімеден, европалық шірімеден, нозематоздан таза шаруашылықтардан (омарталардан) және әкімшілік аумақтан табиғи бал және балара шаруашылығы өнімдерін айналымға жіберу туралы ветеринариялық анықтамалардың болуы | Өрескел |
| 4. | Балды және балара шаруашылығы өнімдерін физикалық-химиялық қасиеттері бойынша сараптау актісінің (сынақ хаттамасының) болуы | Өрескел |
| 5. | Омарталарды құрғақ, күн сәулесімен жарықтандырылған, желден қорғалған, тас және темір жолдарға, ағаш кесу орнына, жоғары кернеулі электр беру желілеріне 500 метрден жақын емес және кондитерлік, химия өнеркәсібі кәсіпорындарынан, әуеайлақтардан, әскери полигондардан, радиолокациялық, радио-телетаратушы станциялардан және өзге де микротолқынды сәуле көздерінен 5 километр (бұдан әрі – км) қашықтықта орналастырады | Елеулі |
| 6. | Араларды әртүрлі түске (көк, ақ, сары) боялған ақаусыз ара ұяларында ұстау | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Стационарлық омарта аумағына арналған шарбақтың болуы | Елеулі |
| 8. | Көшпелі омарталарды бал жинау көздерінен бір-бірінен кемінде 1,5 км және стационарлық омарталардан 3 км қашықтықта орналастыру | Елеулі |
| 9. | Омартаны тиісінше ветеринариялық-санитариялық жай-күйде ұстау, үстіне омарталық үйшіктер (көшпелі дүңгіршектер) орналастыру, жеке гигиена және дезинфекциялау заттарымен, құралдарымен (сутегі тотығы және басқалары) қамтамасыз ету, дезинфекциялау алаңқайларымен, жабық шұңқырмен (сарқынды суға арналған), омарташыға арналған дәретхана жайларымен жабдықтау | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 10. | Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлар мен адамға ортақ аурулардың дамуына және таралуына, сондай-ақ адамдар мен жануарлардың ауыруын немесе улануына алып келетін ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтпеген балды және балара шаруашылығы өнімдерін өткізу туралы ақпараттың болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 11. | Құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 12. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау аясында берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 13. | Бал және балара шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтің болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 14. | Бақылау және қадағалау субъектісінің бал және балара шаруашылығы өнімдерін тасымалдаудың және орнын ауыстырудың бұзушылық фактілері туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |
| 15. | Бал және балара шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі туралы расталған ресми ақпараттың болуы | Өрескел |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

# Ірі қара малдарын (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт__________
________________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_____________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | | | | |
| 2. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | | | | |
| 3. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | | | | |
| 5. | Өндіріс объектісі аумағының аймақтарына бөлінуі:<br>1) өндірістік немесе негізгі мақсаттағы (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді және мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок (Б аймағы);<br>3) әкімшілік-шаруашылық (В аймағы);<br>4) жемшөп сақтау (Г аймағы);<br>5) көңді сақтауға арналған оқшауланған орын (Д аймағы). | | | | |
| 6. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаңша | | | | |
| 7. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяқкиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | | | | |
| 8. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс | | | | |
| 9. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | | | | |
| 10. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | | | | |
| 11. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жоспар бойынша жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | | | | |
| 12. | Көң сақтайтын орынды кешен аумағы қоршауынан тыс өндірістік ғимараттардан кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | | | | |
| 13. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтың, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | | | | |
| 15. | Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы | | | | |
| 16. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылғысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | | | | |
| 17. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | | | | |
| 18. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | | | | |
| 19. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 20. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | | | | |
| 21. | Келіп түсу және бір жастық топтан екінші топқа әрбір технологиялық ауыстыру кезінде мал басын диспансеризациялау жүйесін жүргізу | | | | |

Лауазымды адам (дар):

___________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

# Ұсақ малдарын (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
_____________________________________________________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
_____________________________________________________________________________
(№, күні)
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
_____________________________________________________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ________________________________________________
_____________________________________________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы______________________________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | | | | |
| | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | | | | |
| 3. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | | | | |
| 4. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | | | | |
| 5. | Өндіріс объектісі аумағының аймақтарына бөлінуі:<br>1) өндірістік немесе негізгі мақсаттағы (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді және мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өндеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок (Б аймағы);<br>3) әкімшілік-шаруашылық (В аймағы);<br>4) жемшөп сақтау (Г аймағы);<br>5) көңді сақтауға арналған оқшауланған орын (Д аймағы). | | | | |
| 6. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаңша | | | | |
| 7. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяқкиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | | | | |
| 8. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс | | | | |
| 9. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | | | | |
| 10. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | | | | |
| 11. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жоспар бойынша жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. | Көң сақтайтын орынды кешен аумағы қоршауынан тыс өндірістік ғимараттардан кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | | | | |
| 13. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтың, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | | | | |
| 14. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | | | | |
| 15. | Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы | | | | |
| 16. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылғысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | | | | |
| 17. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | | | | |
| 18. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | | | | |
| 19. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 20. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | | | | |
| 21. | Мал басының 0,5 %-ы есебімен өндіріс объектісінде ауру жануарларды уақытша күтіп-бағуға арналған бөлек секцияның болуы | | | | |
| 22. | Жарып-сою бөлмесінде жануарлар өлекселерін, түсіктерді және шуды жинауға арналған арнайы су өтпейтін сыйымдылықтардың болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

## Құстарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____________________________________

___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

___________________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы______________________

___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі __________________________________________________

___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы______________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | | | | |
| 2. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | | | | |
| 3. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | | | | |
| 4. | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді:<br>1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | | | | |
| 5. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | | | | |
| 6. | Көң сақтайтын орынды кешен аумағы қоршауынан тыс өндірістік ғимараттардан кемінде 60 метр қашықтықта орналастыру | | | | |
| 7. | Инкубациялық жұмыртқаның әр партиясына арналған, құстардың жұқпалы аурулары бойынша шаруашылықтың саламаттылығын растайтын ветеринариялық сертификат немесе анықтаманың болуы | | | | |
| 8. | Ветеринариялық зертхананы, сою пунктін және дезинфекциялық блокты әкімшілік-шаруашылық аймақта ("В аймағы") орналастыру жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 9. | Балапанды өсіру кезінде оның ересек құспен (құстардың барлық түрлерімен) қатынас жасауын болдырмау | | | | |
| 10. | Жұмыртқаларды пароформалинмен дезинфекциялауға арналған камерада есептік ауа температурасы + 30 0С құрайды | | | | |
| | Құс қоралардың ішіндегі аралық қабырғалар мен қоршаулардың жоғарғы бөлігіне орнатуға арналған және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | серуендету орындарындағы торлардың мынадай көлемдерден аспайтын ұяшықтары болуы тиіс: күнтізбелік 60-70 күнге дейінгі жастағы тауық балапандары және күнтізбелік 120 күнге дейінгі жастағы күркетауық балапандары үшін - 30 х 30 миллиметр (бұдан әрі – мм); ересек тауықтар мен күркетауықтар үшін, сондай-ақ күнтізбелік 60-70 күннен асқан тауық балапандары және күнтізбелік 120 күннен асқан күркетауық балапандары үшін - 50 х 50 мм | | | | |
| 12. | Қоймалық үй-жайларды (жемшөптерге арналған, төсемдер, жұмыртқа қоймасы), жұмыртқаларды сұрыптайтын және өңдейтін цехтарды (ыдыстарды дезинфекциялау пунктімен бірге) өндірістік аймақ қоршауының сызығы бойынша орналастыру | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

**Шошқаларды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
_______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
_______________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
_______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________
_______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы | | | | |
| 2. | Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады | | | | |
| 3. | Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы | | | | |
| 4. | Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы | | | | |
| | Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді: 1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы;<br>2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;<br>3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық;<br>4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау;<br>5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын | | | | |
| 6. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы:<br>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;<br>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;<br>3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң | | | | |
| 7. | Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяқкиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы | | | | |
| 8. | Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы | | | | |
| 9. | Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы | | | | |
| 10. | Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы | | | | |
| 11. | Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру | | | | |
| 12. | Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтің, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы | | | | |
| 13. | Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы | | | | |
| 14. | Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы | | | | |
| | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. | ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету | | | | |
| 16. | Бордақыланатын шошқаларға тамақ қалдықтарын азық ретінде пайдаланар алдында зарарсыздандыру үшін арнайы қазандардың болуы | | | | |
| 17. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 18. | Бастапқы қалыптастырылған әрбір торайлар тобының құрамын кейінгі өндіріс сатылары – шошқа басын толықтыратын төлді бағып өсіруде, өсіруде және бордақылауда жеке өндірістік бірлік ретінде сақтап қалу | | | | |
| 19. | Репродукция цехында аналық шошқа торайлаған кезде шуын немесе өлі туған төлді жинау үшін ылғал өткізбейтін сыйымдылықтардың болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

# Ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________
______________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
______________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________________________________
______________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және оларға ветеринариялық паспорттар ресімдеу және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы уақытылы хабардар ету | | | | |
| 2. | Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын тек ет өңдеу кәсіпорындарында, сою пункттерінде немесе алаңдарында сою жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 3. | Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 4. | Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | | | | |
| 6. | Көң сақтайтын орынды кешен аумағы қоршауынан тыс өндірістік ғимараттардан кемінде 60 метр қашықтықта орналастыру | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

## Балық және балық өнімдерін дайындауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________

________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/

профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________________________
(№, күні)
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________
______________________________________________________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
______________________________________________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы__________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Технологиялық процестердің ағымдылығын қамтамасыз ету және шикізат пен қалдықтар ағындарының дайын өнім ағындарымен жанасу мүмкіндігін болдырмау | | | | |
| 2. | Балық және балық өнімдерін өңдеуді жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | | | | |
| 3. | Балықтың кәсіпшілік ауданына тиесілілігі туралы ақпарат бар таңбамен жарақталуы | | | | |
| 4. | Өңдеу кәсіпорындарына түскен балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігін және қадағалануын растайтын ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 5. | Микробиологиялық, паразитологиялық химиялық, уытты элементтерге, пестицидтерге және радионуклидтерге сараптама жасау актісінің (сынақ хаттамаларының) болуы | | | | |
| 6. | Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды ( союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерде ет және субөнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 3-вет нысан) | | | | |
| 7. | Тұрақты санитариялық өңдеу және дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу кестесінің болуы | | | | |
| 8. | Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізгендігі туралы актінің болуы | | | | |
| 9. | Шикізатты, дайын өнімді, буып-түю және қосалқы материалдарды бөлек сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтары бар, оңай жуылатын және дезинфекцияланатын материалдардан жасалған, еденнен биіктігі кемінде 15 сантиметр (бұдан әрі – см) болатын сөрелермен, стеллаждармен , тауар астына қойылатын ыдыстармен және контейнерлермен, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоңазытқыш камералар – конденсатты жинау және ағызу жүйелерімен жабдықталған сақтауға арналған қоймалық үй-жайдың болуы | | | | |
| 10. | Объект үй-жайларының ішкі жақтарының жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімділігі | | | | |
| 11. | Балық және балық өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш қондырғыларда, үй-жайлар мен жабдықтарда температура көрсеткіштерін жазып алатын термометрлердің болуы | | | | |
| 12. | Штабельдердің қабырғалардан және тоңазыту аспаптарынан кемінде 30 см қашықтықта орналасуын сақтау | | | | |
| 13. | Әрбір өнім түрі үшін арнайы бөлінген орындардағы тиісті бөлімдерде сақталатын, таңбасы бар бөлуге арналған тақтайшалар мен пышақтардың болуы | | | | |
| 14. | Алмалы-салмалы жуылатын москитті торлары бар ашылатын терезелердің болуы | | | | |
| 15. | Қалдықтарды жинауға және кәдеге жаратуға арналған арнайы жабдықталған орынның болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 802 бірлескен бұйрығына
8-қосымша

# Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
___________________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________
___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Зертханалардың объектінің қуатына байланысты мынадай үй-жайлар жинағымен жарақталуы жөніндегі талаптарды сақтау: 1) ет және ет өнімдерін, жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін сараптауға арналған (бөлек жұмыс үстелдерімен); 2) балық және балық өнімдерін сараптауға арналған; 3) сүт және сүт өнімдерін, балды, өсімдік шикізатын сараптауға арналған (бөлек жұмыс үстелдерімен); 4) мүкәммалды жууға арналған; 5) конфискатты сақтау үшін тоңазытқыш жабдықтарымен, ет және ет өнімдерін залалсыздандыруға арналған; 6) дезинфекциялау және жуу құралдарын, мүкәммалды сақтауға арналған; 7) персоналға арналған санитариялық және тұрмыстық үй-жайлар | | | | |
| 2. | Ветеринариялық есепке алудың (келіп түсетін өнімді, сараптама нәтижелерін, конфискаттарды, реактивтерді есепке алу) болуы | | | | |
| 3. | Ет ұшаларын, ет өнімдерін және басқа өнімдерді уақытша сақтау үшін оқшауланған тоңазытқыш камерасының, сондай-ақ ет, ет өнімдерін және конфискаттарды залалсыздандыруға арналған автоклавтың болуы (автоклав болмаған жағдайда, зарарсыздандыруды қазандықта жүргізуге рұқсат етіледі) | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Сойылған жануарлардың ұшаларын, ет өнімдерін, балықты, құсты сараптауға арналған жұмыс үстелдері мәрмәр түйіршіктерімен, кафельмен немесе мырышталған темірмен қапталуға тиіс | | | | |
| 5. | Ет ұшаларын, ішкі органдарды, басты ілуге арналған арнайы бөлек айлабұйымдармен (қондырғылармен) (ілгіш, ілгек және басқалары ) немесе ет және ет өнімдеріне сараптама жүргізу үшін үстелдермен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау | | | | |
| 6. | Сүт және сүт өнімдеріне зерттеу жүргізілетін үстелдер мырышталған темірмен немесе тағамдық пластиктермен қапталады | | | | |
| 7. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуге арналған зертхананың қажетті арнайы зертханалық жабдық түрлерімен, аспаптармен, құралдармен, химиялық реактивтермен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, ветеринариялық таңбалармен және мөртаңбалармен, арнайы киіммен, зертханалық ыдыспен, зертханалық жиһазбен, мүкәммалмен және басқа да көмекші материалдармен қамтамасыз етілуі | | | | |
| 8. | Пайдаланылатын химиялық реактивтердің жарамдылық мерзімі мен шығарылған күні көрсетілген таңбаның болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

___________________ ________________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

___________________ ________________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

___________________ ________________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

___________________ ________________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
9-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
9-қосымша

# Етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт__________
________________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
_______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы__________________________________________
________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндірістік үй-жайларда технологиялық жабдықтарды орналастырған кезде айқаспалы контаминацияны болдырмау жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 2. | Етті өңдеу объектілерінде ветеринариялық-санитариялық мақсаттағы мынадай жабдықтардың болуы:<br>1) өңдеу үшін етті және ет өнімдерін, жануарлардан алынатын шикізатты жеткізетін автокөлікті жууға және дезинфекциялауға арналған стационарлық дезинфекциялық жуу пункті немесе алаңы немесе дезинфекциялаушы тосқауыл;<br>2) жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты бақылауға және ветеринариялық-санитариялық сараптауға арналған жабдығы бар, ветеринария саласындағы мамандарға арналған үй-жайлар;<br>3) етті және сойылған өнімдерді олар өңделгенге дейін уақытша сақтауға арналған оқшауланған тоңазытқыш камерасы;<br>4) сарқынды суды залалсыздандыруға арналған құрылысжайлар | | | | |
| | Мыналарды қамтамасыз ететін технологиялық процеске қойылатын талаптарды сақтау:<br>1) шикі және дайын өнімдер ағынының қиылысуы мен жанасуын болдырмау;<br>2) өңдеуге келіп түсетін шикізат пен қосалқы материалдардың ветеринария және денсаулық сақтау саласындағы талаптарға сәйкестігін бақылау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | 3) ілініп тұрған ет ұшаларының еденге, қабырғаға және технологиялық жабдықтарға тиюін болдырмау;<br>4) қан ағызу, ұшаларды тазарту және жуу учаскелерінде сұйықтықты арнайы еңіс астаушалар арқылы траптарға ағызу;<br>5) тамақ шикізатының (тоңмай шикізаты, ішек-қарын, тағамдық қан, субөнімдер) берілуін бір-бірінен бөлу, оларды санитариялық өңдеу үшін қолжетімді ету;<br>6) тағамдық емес қалдықтарды ерекше түске боялған және мақсаты туралы жазбасы (таңбасы) бар арнайы ыдысқа жинау;<br>7) ветеринариялық конфискаттарды ( ветеринариялық-санитариялық сараптама кезінде жарамсыз деп табылған ұшалар мен органдар) бөлек жабдықталған ағызғыштарға немесе ерекше түске боялған, жылжымалы, жабылатын арнайы ыдыстарға жинау;<br>8) сойылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларына күдік туындаған немесе олар анықталған жағдайда "Тоқта" деген түймешенің көмегімен конвейерді ветеринария саласындағы мамандардың жұмыс орнынан шұғыл тоқтату (технологиялық процесс толық автоматтандырылған жағдайда);<br>9) ұшалар, субөнімдер және басқа да сойылған өнімдер санитариялық өңделгеннен, ветеринариялық-санитариялық сараптама жасалғаннан және таңбаланғаннан кейін ғана оларды тоңазытқышқа жіберу;<br>10) жұмыс орындарына суық және ыстық су жүргізу, ал ішекті сұрыптау (үру) үшін сығылған ауа беру | | | | |
| 4. | Шикізат пен өнімді сақтауға арналған штабельдерді қабырғалар мен тоңазыту аспаптарынан кемінде 30 сантиметр қашықтықта орналастыру және штабельдердің арасында өтетін жолдардың болуы | | | | |
| 5. | Жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерде ет және субөнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 3-вет нысан) | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
10-қосымша

## Жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
_____________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________
_____________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы____________________________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа с а й емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Журнал мен ветеринариялық есепке алуды жүргізудің болуы | | | | |
| 2. | Жануарлар мен құстардың жұқпалы аурулары бойынша саламатты , міндетті бірдейлендіру рәсімінен өткен және ветеринариялық құжаттары (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) бар, аумақтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден союға әкелінген жануарлар мен құстарды союға қабылдау жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Бөгде адамдар мен қаңғыбас жануарлардың өндіріс объектілерінің аумағына бақылаусыз кіруін болдырмайтын тұтас қоршаудың болуы | | | | |
| 4. | Өндіріс объектілерінің аумағында мыналардың:<br>1) шикізатты, дайын өнім мен қалдықтарды тасу жолдарының;<br>2) ветеринариялық қарап-тексеруден кейін сою алдындағы ұстауға жіберілетін сау жануарларды тасу жолдарының санитариялық блокқа жіберілген ауру немесе ауру бойынша күдікті жануарлардың орын ауыстыруы;<br>3) дайын азық-түлік өнімдерін жануарлармен, көңмен, өндіріс қалдықтарымен қиылыспай тасымалдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылысжайлар мен құрылғыларды орналастыру | | | | |
| 5. | Объектінің аумағына кіреберісте (шығаберісте) көліктің жүрісі бөлігін залалсыздандыруға арналған дезинфекциялаушы тосқауылдың болуы | | | | |
| 6. | Жануарларды союды жүзеге асыратын өндіріс объектілері (сою алаңдарынан басқа) мыналармен тиісінше жарақталуы:<br>1) ветеринария саласындағы мамандар үшін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты бақылауға және ветеринариялық-санитариялық сараптауға арналған жабдықтары бар үй-жайлармен;<br>2) жануарларды орналастыруға арналған орынмен, жануарларды ветеринариялық қарап-тексеруге арналған өткелектермен;<br>3) санитариялық қасапханамен (кәдімгі өндірістік цехтардағыдай, бірақ мөлшері едәуір шағын, ет пен субөнімдерді стерильдеуге арналған бөлімшесі бар үй-жаймен) немесе ауру немесе әлсіз жануарларды оқшаулап өңдеуге арналған санитариялық камерамен (ғимарат ішінде орналасқан бөлек үй-жаймен);<br>4) карантинге арналған үй-жайлармен (байқау және қажет болған жағдайда диагностикалық зерттеу мақсатында жануарлар басқа жануарлармен араластырылмай (тікелей немесе жанама) оқшау ұсталатын орындарымен) және оқшаулағышпен (ауру жануарларды орналастыру үшін мал сою объектісінің аумағында оқшауланған үй-жаймен);<br>5) ет пен сойылған өнімдер өңделгенге дейін оларды уақытша сақтауға арналған оқшауланған тоңазытқыш камерамен;<br>6) сарқынды суды жинауға арналған бетондалған шұңқырмен ( септикпен) және залалсыздандыруға арналған құрылысжайлармен;<br>7) жануарларды союдың алдында ұстауға арналған ғимараттармен (қалқалармен) (сойылатын жануарларды қабылдау, орналастыру, ветеринариялық қарап-тексеру, сұрыптау және тынықтыру үшін жануарларды сою объектісінің аумағында оңашаланған үй-жаймен (алаңмен));<br>8) тұрмыстық үй-жайлармен және киімді санитариялық өңдеуге арналған дезинфекциялау камерасымен;<br>10) жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерімен немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасымен | | | | |
| 7. | Карантиндік үй-жай мен оқшаулағыштан қи, төсем мен жемшөп қалдықтарын жинау және жиып қою үшін санитариялық блоктың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аумағында орналасқан, жануарларды сою объектісінің өндірістік қуаты ескеріле отырып, кемінде алты тәулікке есептелген бетондалған учаскенің болуы | | | | |
| 8. | Қан-жынды жинау үшін бетондалған алаңқайға орналастырылатын, қақпағы тығыз жабылатын арнайы сыйымдылықтардың (контейнердің) болуы | | | | |
| 9. | Еттің ластануын болдырмау үшін технологиялық операциялардың кеңістікте және уақыт жағынан бөлінуі:<br>1) естен тандыру және қанын ағызу;<br>2) шошқаға қатысты: қайнаған сумен күйдіру, қылшықтан тазарту, қыру және үйіту;<br>3) ішегін ақтару (сойылған жануардың ұшасын мүшелеген кезде іш және көкірек қуыстарынан ішкі органдарды шығару) және кейіннен мүшелеу;<br>4) тазартылған қарын мен ішектерді өңдеу;<br>5) союдың басқа жанама өнімдерін өңдеу және жуу, атап айтқанда, сою желісінде жүргізілмеген болса, бастың терісін сыпыру;<br>6) союдың жанама өнімдерін буып-түю;<br>7) етті тиеп-жөнелту | | | | |
| 10. | Барлық өндірістік үй-жайларға кіреберісте толық гигиеналық өңдеу модульдерінің болуы | | | | |
| 11. | Жануарларды сою объектісінде ұсақ мүкәммалға (пышақ, мусаттар) арналған стерилизаторлардың болуы | | | | |
| 12. | Неғұрлым ірі мүкәммалды, айналым ыдыстары мен көлік құралдарын жуу және дезинфекциялау үшін жуу машиналарының немесе дезинфекциялаушы ерітінді, суық және ыстық су жүргізілген жуатын үй-жайдың болуы | | | | |
| 13. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізілетін жерлерде ветеринариялық конфискаттарды жинауға арналған, бөгде адамдардың рұқсатсыз қол жеткізуіне жол берілмейтін, басқа жабдықтан түсі өзгеше және мақсаты туралы жазуы бар контейнерлердің болуы | | | | |
| | Жануарларды союды жүзеге асыратын өндіріс объектісі (сою алаңдары) мыналармен тиісінше жарақталуы:<br>1) жануарларды сою алдында ұстауды және қарап-тексеруді жүргізу мақсатында жануарларды орналастыруға арналған қаша (алаң), сондай-ақ жануарларды сою объектісінің өндірістік қуатын ескере отырып, экскременттерге арналған арнайы жабдықталған орын;<br>2) жануарларды сою объектісінің өндірістік қуатын ескере отырып:<br>оңай тазаланатын және дезинфекцияланатын, су ағызуды жеңілдететіндей түрде бейімделген, жабынның астынан су бұратын суағарлармен және арықтармен әрі сарқынды суды жинау және залалсыздандыру үшін бетондалған шұңқырмен (септикпен) жарақталған су өткізбейтін еден жабынымен;<br>тегіс, оңай жуылатын материалдармен қапталған немесе 3 метр (бұдан әрі – м) биіктікке дейін боялған, бұрыштары мен шығып тұрған жерлері дөңгелектелген қабырғамен;<br>желдетумен және жылытумен;<br>түсті бұрмаламайтын табиғи немесе жасанды жарықтандырумен;<br>қанын ағызуды, терісін сыпыруды, ішкі органдарды шығаруды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14. | және ұшалар мен ішкі органдарды сойылғаннан кейін қарап-тексеру жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында ұшаны іліп қоюға арналған, ұшалардың еденге, қабырғаға, технологиялық жабдыққа тиюін болғызбайтын айлабұйыммен; пышақтарды (кемінде екі), ілгектерді, құралдарды (фонендоскоп, термометр, плесиметр, бюкс) залалсыздандыруға арналған стерилизаторы, қолды өңдеуге арналған дезинфекциялағыш құралдары бар кеспектері, арнайы киімі бар ветеринар дәрігерге арналған орынмен; сарқынды суды жинау мен залалсыздандыруға арналған жабық шұңқырмен (септикпен); асқазан мен ішектерді босатуға және тазартуға бейімделген орынмен; ілмекті жолдардың астынан ұшалардың қанын ағызу учаскелерінде қан жинауға арналған тұғырлықтармен; персоналға арналған қолжуғышпен, бір реттік қол орамалмен (қол жууға арналған дезерітінділермен); тот баспайтын материалдардан жасалған, оңай тазартылатын және дезинфекцияланатын құралдармен және жұмыс жабдығымен, ветеринариялық конфискаттарға арналған контейнермен жасақталуы тиіс | | | | |
| 15. | Ұшалардың қанын ағызу учаскелерінде ілгекті жолдардың астынан техникалық қанды жинау үшін оңай жуылатын және дезинфекцияланатын материалдармен қапталған және қанның траптарға ағуы үшін еңістенген тұғырлықтар немесе қанды ағызуға арналған астаушаның болуы | | | | |
| 16. | Жануарларды бауыздау мен терісін сыпыру аймақтарын мүшелеу және ішкі органдарды өңдеу аймағынан бөліп тұратын биіктігі кемінде 2 м қалқаның болуы | | | | |
| 17. | Шошқалардың ұшаларын қайнаған сумен күйдіру, қылшығын алу, тазарту және үйіту үшін сойылған жерден кемінде 5 м ашық кеңістікпен бөлінген немесе биіктігі кемінде 3 м қалқамен қоршалған арнайы орынның болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
11-қосымша

# Жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге арналған ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт__________
_____________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
_____________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

| | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жемшөп және жемшөп қоспаларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | | | | |
| 2. | Тамақ қалдықтарын өңдеуге арналған оқшауланған үй-жайдың болуы | | | | |
| 3. | Өндірістік үй-жайларда қалдықтарды, сондай-ақ технологиялық процестерде пайдаланылмайтын мүкәммал мен жабдықты сақтауға жол бермеу жөніндегі талапты сақтау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Қоймалық үй-жайларда өңдеуші өндірістер қалдықтарын сақтау үшін жабық резервуарлардың немесе қоршалған ашық жинақтардың (алаңдардың) болуы | | | | |
| 5. | Құрамажем өндіру жөніндегі ұйымдарда сусымалы шикізатты ( бидай, кебек, ұнтақ) сақтау үшін сүрлемдік (бункерлік) немесе едендік үлгідегі қоймалардың болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
12-қосымша

## Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ____________________________________

__________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/
профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

___________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________

___________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ____________________________________________

___________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлері көрсетілген вакцинация, аллергиялық зерттеулер, өңдеу жүргізілген жануарлар актілерінің тізімдемелерінің болуы | | | | |
| 2. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтау:<br>1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу орнын және уақытын айқындайды;<br>2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;<br>3) жануарға жеке нөмір береді;<br>4) дерекқордың жүргізілуін жүзеге асырады (дерекқорға деректер енгізу);<br>5) жануар иесіне ветеринариялық паспорт береді | | | | |
| 3. | Биологиялық материалдардан сынамалар алу және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу жөніндегі талаптарды сақтау | | | | |
| 4. | Көшірмелері мен түбіртектері үш жыл сақталуға жататын, берілген ветеринариялық анықтамалардың есептілігінің болуы | | | | |
| 5. | Жануарлардың аса қауіпті және энзоотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санының болуы:<br>1) ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы;<br>2) инесіз инъектор;<br>3) термочемодандар;<br>4) жаппай екпе жасауға арналған аппарат (металдан жасалған);<br>5) кутиметр;<br>6) ұнтақ беру құрылғысы (дәрі-дәрмек үшін);<br>7) бұқаға арналған мұрын сақинасы;<br>8) қайшылар;<br>9) мақта (стерильді емес);<br>10) ветеринариялық термометр | | | | |
| 6. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыштың және тонңазытқышагенті бар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | термосыйымдылықтың (мөлшері 100х100х200 сантиметрден ( бұдан әрі - см) көп емес), сондай-ақ металл шкафтың болуы | | | | |
| 7. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған және бүкіл сақтау мерзімі ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандандырылған қойма үй-жайларының болуы | | | | |
| 8. | Ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алудың болуы, үй-жайлардың температурасы мен ылғалдылығына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ үй-жайларды жинау және өңдеу | | | | |
| 9. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомостердің болуы | | | | |
| 10. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың қажетті ең аз тізбесімен қамтамасыз ету жөніндегі талапты сақтау:<br>1) суық және ыстық таңбалауды жүргізуге арналған аппарат;<br>2) сырғасалуды жүргізуге арналған аппарат;<br>3) өздігінен желімдейтін штрих-кодтарды басып шығаруға арналған принтер;<br>4) жануарлардың жеке нөмірлерін санауға арналған сканер;<br>5) аспаптарға, құралдарға және атрибуттарға арналған сөмке | | | | |
| 11. | Дезинфекциялау қондырғылары бар автомашиналардың ( сыйымдылығы 500-600 литр) болуы | | | | |
| 12. | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға және жоюға арналған тұзақ құралдарының болуы және оларды аулау және жою талаптарының сақталуы | | | | |
| 13. | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) мынадай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) биіктігі 2,5 метр (бұдан әрі – м), ұзындығы 6 м, ені 3 м болатын қалқа;<br>2) жануарлардың өлекселерін союға, дезинфекциялаушы құралдарды, мүккәмалды, арнайы киімді және құрал-саймандарды сақтауға арналған үй-жайлар;<br>3) шұңқырдан шығарылған диаметрі 25 см және биіктігі 3 м мұржа ;<br>4) биіктігі кемінде 2 м кіру қақпасы бар дуал;<br>5) дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша тереңдігі 0,8-1,4 м және ені 1,5 м траншея;<br>6) шұңқырдың екі қабатты жабыны;<br>7) көпір | | | | |
| 14. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және толтырылуы:<br>1) ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журнал (ветесепке алу, № 1-вет нысан);<br>2) жануарлардың ауруларын тіркеуге арналған журнал (ветесепке алу, № 2-вет нысан) | | | | |
| 15. | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санымен қамтамасыз етілу (жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде) жөніндегі талапты сақтау:<br>1) ұрықтандырушы техниктің чемоданы (жинақталған); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2) микроскоп;<br>3) Дьюар ыдысы, 35 литр;<br>4) Дьюар ыдысы, 6 литр | | | | |

Лауазымды адам (дар):

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
13-қосымша

## Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________

______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

___________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________

___________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________________________________

___________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа с а й емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды (ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда) сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 2. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | | | | |
| 3. | Эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда, оларға зерттеп-қарау жүргізілгені туралы эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісінің болуы | | | | |
| 4. | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | | | | |
| 5. | Уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларына жануарлардың сондай-ақ энзоотиялық және басқа да ауруларына диагностика жүргізу үшін профилактика, биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу және оларды жеткізу жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалуы бойынша ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі нәтижелердің болуы | | | | |
| 6. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін бұйымдар ( құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспорт жасау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 7. | Ішкі сауда объектілерінде ветеринария саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 8. | Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларды сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен айналысатындарды қоспағанда) ветеринария | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 9. | Ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды ветеринария саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 10. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде ветеринария саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 11. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша ветеринария саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 12. | Тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында ветеринария саласындағы талаптардың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 13. | Экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне ветеринария саласындағы талаптард ың сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерінің болуы | | | | |
| 14. | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды, оларды сақтау және аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру бойынша талапты сақтау | | | | |
| 15. | Мерзімдерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 16. | Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының бекітілген тізбесінің болуы | | | | |
| 17. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорын жүргізуді ұйымдастыру бойынша талапты сақтау | | | | |
| 18. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19. | Көшірмелері және түбіртектері үш жыл сақталуға жататын берілген ветеринариялық-санитариялық қорытындылады есепке алудың болуы | | | | |
| 20. | Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмір беру тәртібін сақтау | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
14-қосымша

## Сүт өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ____________________________________

___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жол құжатында сүт автоцистерналарын сүттен әрбір босатылғаннан кейін жуылғаны және дезинфекцияланғаны, кейіннен оларға пломба салынғаны туралы белгінің болуы | | | | |
| 2. | Сүт өңдеуді жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | | | | |
| 3. | Сүтке арналған ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 4. | Шлангілер мен түтікшелерді өңдеуге арналған жуу және дезинфекциялау ерітінділерін сақтау үшін таңбаланған арнайы сыйымдылықтардың болуы | | | | |
| 5. | Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасында сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналының болуы (ветесеп, № 5-вет нысан) | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
15-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
15-қосымша

## Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
___________________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________
___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы____________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар: 1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды және жабдық жиынын иеленуге; 2) штатында ветеринария саласындағы тиісті мамандықтар бойынша жұмыскерлер ұстауға (заңды тұлғалар); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3) ветеринария саласындағы тиісті мамандық бойынша білімі туралы дипломға ие болуға (жеке тұлғалар) міндетті | | | | |
| 2. | Жиып қою аймағында:<br>1) әртүрлі санаттағы материалдар мен өнімді (бастапқы шикізат және буып-түю материалдары; аралық, өлшеп оралмаған және дайын өнім; карантиндегі өнім; шығаруға рұқсат берілген, кейінге қалдырылған, кері қайтарылған немесе қайтарылып алынған өнім) тиісінше сақтауды қамтамасыз ету үшін сыйымдылық жеткілікті болуын көздейді;<br>2) жиып қою аймағын ұйымдастыру барысында тиісінше сақтау жағдайларын көздеу қажет. Жиып қою аймақтары таза және құрғақ болуы керек, онда қажетті температуралық режим қамтамасыз етілуі тиіс. Қажет болған жағдайда, арнайы сақтау жағдайларын (температура, ауа ылғалдылығы) және оларды бақылауды қамтамасыз ету керек;<br>3) материалдар мен өнімді қабылдау мен беру аймақтарында олардың қолайсыз ауа райы жағдайларынан қорғалуы қамтамасыз етілуі тиіс;<br>4) егер, карантин режимі өнімді бөлек аймақтарда сақтаумен қамтамасыз етілетін болса, онда ол аймақтар нақты белгіленуі тиіс;<br>5) бастапқы материалдар сынамаларын іріктеуді бөлек аймақта орындайды. Сынамаларды қойма аймағында іріктеу кезінде тікелей немесе қиылысқан ластанудың алдын алатын шаралар қабылдануы тиіс;<br>6) жарамсыз деп танылған, қайтарылып алынған немесе кері қайтарылған материалдарды сақтау үшін оқшауланған аймақтар көзделеді;<br>7) әсері қатты заттар мен препараттар қауіпсіз және күзетілетін үй-жайларда сақталуы тиіс;<br>8) ветеринариялық препараттың сәйкестігін растаудағы шешуші рөліне байланысты таңбаланған буып-түю материалдарының сенімді және қауіпсіз сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс;<br>9) жартылай фабрикаттарды, жекелеген ингредиенттерді анық көрінетін таңбасы – өнімнің атауы, жасалған күні, қоймаға келіп түскен күні бар, жауапты адамның қолы қойылған арнайы контейнерлерде сақтау керек. Дайын өнім контейнерлерде немесе стеллаждарда тиісті таңбасы бар тауарлық орамада сақталуы тиіс;<br>10) қоймалық үй-жайларда үй-жайдағы температура мен ылғалдылыққа тұрақты түрде бақылау, ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алу, сондай-ақ үй-жайларды жинау мен өңдеу жүргізіліп отыруы тиіс;<br>11) ветеринариялық препараттарды сақтау және тасымалдау ветеринариялық препараттарды қолдану (пайдалану) жөніндегі басшылықта көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі | | | | |
| 3. | Дезинфекциялық тосқауылсыз өндіруші аумағына көліктің кіруіне/шығуына жол бермеу жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 4. | Ветеринариялық препараттарды өндіру үшін пайдаланылатын ғимараттарда техникалық мақсаттағы уды (пестицидтер мен гербицидтерді) өндіруге жол берілмеу | | | | |
| 5. | Ветеринариялық препараттарды өндіруге арналған жабдықтар мен үй-жайлар өз мақсатында ғана пайдаланылады, онда басқа өнімді дайындауға жол берілмейді | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Пайдалану мерзімі өтіп кеткен немесе пайдалануға жарамсыз таңбаланған немесе бастапқы буып-түю материалдарын жою туралы хаттаманың болуы | | | | |
| 7. | Өндірістік бақылау бөлімшесінің дайын өнімнің нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келетіні туралы зерттеу нәтижелері алынғаннан кейін дайын өнімді қоймаға сақтауға жол беріледі | | | | |
| 8. | Ветеринариялық препараттарды оларды сақтау мерзімі өтіп кеткеннен кейін жою жөніндегі актілердің болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
16-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
16-қосымша

## Бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге арналған ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________

______________________________________________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

______________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____________________

______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________

______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа с а й емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын объектінің есептік нөмірінің болуы | | | | |
| 2. | Өңірлендіруге сәйкес ауыл шаруашылығы және үй жануарларының аса қауіпті жұқпалы ауруларынан, сондай-ақ соңғы 3 айда шаруашылық аумағында америкалық шірімеден, еуропалық шірімеден, нозематоздан таза шаруашылықтардан ( омарталардан) және әкімшілік аумақтан табиғи бал және балара шаруашылығы өнімдерін айналымға жіберу туралы ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 3. | Балды және балара шаруашылығы өнімдерін физикалық-химиялық қасиеттері бойынша сараптау актісінің (сынақ хаттамасының) болуы | | | | |
| 4. | Омарталарды құрғақ, күн сәулесімен жарықтандырылған, желден қорғалған, тас және темір жолдарға, ағаш кесу орнына, жоғары кернеулі электр беру желілеріне 500 метрден жақын емес және кондитерлік, химия өнеркәсібі кәсіпорындарынан, әуеайлақтардан, әскери полигондардан, радиолокациялық, радио-телетаратушы станциялардан және өзге де микротолқынды сәуле көздерінен 5 километр (бұдан әрі – км) қашықтықта орналастырады | | | | |
| 5. | Араларды әртүрлі түске (көк, ақ, сары) боялған ақаусыз ара ұяларында ұстау | | | | |
| 6. | Стационарлық омарта аумағына арналған шарбақтың болуы | | | | |
| 7. | Көшпелі омарталарды бал жинау көздерінен бір-бірінен кемінде 1,5 км және стационарлық омарталардан 3 км қашықтықта орналастыру | | | | |
| 8. | Омартаны тиісінше ветеринариялық-санитариялық жай-күйде ұстау, үстіне омарталық үйшіктер (көшпелі дүңгіршектер) орналастыру, жеке гигиена және дезинфекциялау заттарымен, құралдарымен (сутегі тотығы және басқалары) қамтамасыз ету, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дезинфекциялау алаңқайларымен, жабық шұңқырмен (сарқынды суға арналған), омарташыға арналған дәретхана жайларымен жабдықтау | | | | |

Лауазымды адам (дар):

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

_________________ ______________ _______________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
17-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
17-қосымша

## Ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге арналған ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган __________________________________

_______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

_______________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________

________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____________________________________________

________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы__________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес емдеу-профилактикалық қызметтің басталғаны туралы хабардар еткен жеке және заңды тұлғалардың:<br>1) қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жабдық жиынын иеленуі;<br>2) штатында ветеринария саласындағы тиісті мамандықтар бойынша жұмыскерлерінің болуы (заңды тұлғалар);<br>3) ветеринария саласындағы тиісті мамандық бойынша білімі туралы дипломының болуы (жеке тұлғалар) міндетті | | | | |
| 2. | Дайындаушы белгілеген ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларды сақтау талаптарын сақтау | | | | |
| 3. | Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларды қолдануға жол бермеу жөніндегі талапты сақтау | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
18-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
18-қосымша

## Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________
______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________
______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ____________________________________________
______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы______________________________________________
______________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіріс объектісінің есептік нөмірінің болуы | | | | |
| 2. | Объектінің аумағына кіреберісте (шығаберісте) көлік құралдарының жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған дезинфекциялық тосқауылдың болуы | | | | |
| 3. | Өндіріс объектісі персоналының кіру (шығу) орындарында дезинфекциялаушы төсеніштері бар санитариялық өткізгіштің болуы | | | | |
| | Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауға арналған сақтау объектілерінің үй-жайларында жануарлардан алынатын техникалық шикізатты (теріні, жүнді, мамықты, түбітті, қауырсынды, эндокриндік және ішек-қарын шикізатын, сүйектерді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | , шикізаттың басқа түрлерін), жемшөп пен жемшөп қоспаларды, зоология, жануарлар анатомиясы мен палеонтологиясы бойынша коллекциялар мен коллекциялау заттарын бірге орналастыруға жол бермеу | | | | |
| 5. | Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты арнайы сақтау талаптары мен сақтауға арналған үй-жайлар мен жабдықтардың осы өнімді сақтау талаптарын бақылауға арналған бақылау-өлшеу аспаптарымен жарақталуы | | | | |
| 6. | Сақтауға келіп түсетін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты олардың қауіпсіздігін, шығу тегін және сапасын растайтын ветеринариялық ілеспе құжаттармен бірге қабылдау жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 7. | Объекті аумағына және технологиялық өндіріс үй-жайларына бөгде адамдар мен қаңғыбас жануарлардың, синантропты құстардың заңсыз кіруіне жол бермейтін тұтас қоршаудың болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
19-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
19-қосымша

**Жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ____________________________________
______________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы______________________
______________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________
______________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа с а й емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын тек ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пунктерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарларын сою жөніндегі алаңдарда сою жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 2. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру және оларға ветеринариялық паспорттар ресімдеу | | | | |
| 3. | Шаруашылыққа келіп түсетін жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы | | | | |
| 4. | Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
20-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
20-қосымша

## Жемшөп және жемшөп қоспаларды сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге арналған ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ____________________________________

___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________

___________________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы______________________

___________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _________________________________________________

___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы____________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Аумақ пен үй-жайларды таза ұстау жөніндегі талаптарды сақтау және объектілерде дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу жөніндегі актілердің болуы | | | | |
| 2. | Жемшөп пен жемшөп қоспалардың, сондай-ақ өңдеуге, сақтауға және өткізуге келіп түсетін өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін, шығу тегін және сапасын растайтын ветеринариялық құжаттардың болуы | | | | |
| 3. | Қоймалық үй-жайлардың технологиялық процестер ағындылығын қамтамасыз етуін ескере отырып орналастырылуы және шикізат пен қалдықтар ағынының дайын өнім ағынымен қиылысу мүмкіндігін болдырмау | | | | |
| 4. | Мынадай сақтау талаптарын сақтау (белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде):<br>1) буып-түйілген жемшөпті, жемшөп қоспаларды қатқабататтарда, табалдырықта және стеллаждарда сақтауды жүзеге асыру;<br>2) жемшөп пен жемшөп қоспаларды жанар-жағармай материалдары мен ерекше иісі бар тамақ өнімдерімен бірге сақтауға жол бермеу;<br>3) өңдеуден өткен жемшөп пен жемшөп қоспалардың өңделмеген өніммен бірге сақталуына жол бермеу;<br>4) араласпауы үшін құрамында ветеринариялық препараттары бар жемшөпті басқа жемшөптен бөлек сақтау жөніндегі;<br>5) химиялық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және басқа да жемшөпте пайдаланылмайтын заттарды өндіру процесінде қателесіп пайдалануды болдырмау және жемшөптің ластануына жол бермеу үшін бөлек сақтау;<br>6) жемшөп және жемшөп қоспаларды сақтау режимін сақтауға қажетті белгілі бір температураны ұстап тұру үшін қоймаларды жылыту жүйесінің болуы | | | | |
| 5. | Жарамсыз өнімді (ораманың зақымдануы, дұрыс тасымалдамау, сапасының төмендеуі, жарамдылық мерзімінің өтуі және басқа) уақытша сақтау (кәдеге жаратуға немесе жоюға дейін) үшін қоймалық үй-жайда "сәйкес емес өнім" деп көрсетілген бөлек орынның болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
21-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
21-қосымша

## Зообақтарға, зоодүкендерге және циркттерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ___________________________________
_________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
_________________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы______________________
_________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________
_________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_______________________________________________
_________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа с а й емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Объектідегі жануарлардың ветеринариялық паспорттарының болуы және оларды бірдейлендіруді қамтамасыз ету | | | | |
| 2. | Жануарларды карантиндеу (жануарларды әкелу, әкету) кезінде эпизоотологиялық зерттеу актісінің болуы | | | | |
| | Жануарларды карантиндеу кезеңінде барлық мал басына міндетті түрде дене қызуын өлшей отырып клиникалық тексеріп қарау, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | сондай-ақ:<br>-ірі жұп тұяқтыларды – бруцеллезге, туберкулезге, паратуберкулезге, энзоотиялық лейкозға, блутангқа;<br>-ұсақ жұп тұяқтыларды – бруцеллезге, туберкулезге, блутангқа;<br>-тақ тұяқтыларды – қарасанға, киеңкі ауруына, сурруға, пироплазмозға, нутталиозға, ринопневмонияға, инфекциялық метритке, инфекциялық анемияға, вирустық артеритке;<br>-күзендерді – алеуттік ауруға;<br>-құстарды – орнитозға (пситаккоз), құс тұмауына;<br>-приматтарды – туберкулезге диагностикалық зерттеу жүргізу туралы актілердің болуы | | | | |
| 4. | Жылына бір рет жануарларды:<br>-барлық етқоректілерді – құтыруға қарсы;<br>-иттерді, ақ түлкілерді, түлкілерді, қасқырларды, шиебөрілерді – етқоректілердің обасына, вирустық энтеритке, гепатитке, лептоспирозға қарсы;<br>-күзеңдерді, сасық күзеңдерді – вирустық, энтеритке, етқоректілердің обасына қарсы;<br>-құндыздарды – пастереллезге қарсы;<br>-мысықтұқымдастарды – құтыруға, панлейкопенияға, калицивирозға және вирустық ринотрахейтқа қарсы;<br>-кеміргіштерді (үйқоян) – миксоматозға және вирустық геморрагиялық ауруға қарсы;<br>-құстарды (тауық отрядтарын) – Ньюкасл ауруына қарсы вакциналауды жүргізгені туралы құжаттың болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 508 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 102 бірлескен бұйрығына
22-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

министрінің 2015 жылғы
25 желтоқсандағы
№ 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
22-қосымша

## Дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________
____________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
____________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________
____________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________________________________
____________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________
____________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:<br>1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларға, жабдық жиынына және техникаға ие болуға;<br>2) штатында ветеринария саласындағы тиісті мамандықтар бойынша жұмыскерлерге ие болуға (заңды тұлғалар);<br>3) ветеринария саласындағы тиісті мамандық бойынша білімі туралы дипломға ие болуға (жеке тұлғалар) міндетті | | | | |
| 2. | Дайындаушы белгілеген ветеринариялық препараттарды сақтау жөніндегі талаптарды сақтау | | | | |
| 3. | Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу туралы актінің болуы | | | | |
| 4. | Ветеринариялық зертхананың дезинфекциялау сапасын айқындау жөніндегі зерттеулерінің нәтижелері | | | | |

Лауазымды адам (дар):

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

__________________ _______________ ________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

__________________ _______________ _________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК